



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚҰРСАҚТАҒЫ БАЛА ДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Әдебиетова Ақбота Әдебиетқызы

Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – М.Б. Мұратханова

Елбасы өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы» Жолдауында ана мен баланы қорғау саласын, сонымен қатар, заңнаманың осы саладағы ең ұсақ қайшылықтарға дейін түбегейлі қарастыруын талап етті.

Адамның өмір сүру құқығы - ең жоғары құқығы екені бәрімізге мәлім. Қалған басқа да құқықтары мен бостандықтары содан туындайды. Өмір сүру құқығы – әрбір адам баласының табиғи және ажырамас құқығы болып табылады. Сондықтан, аталған құқықты мойындау, қадағалау және қорғау мемлекеттің міндеті болып табылады. Билік тұлғаның құқығы мен бостандығы ажыратылмайтындай жиынтығын қорғау керек.

Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде адамның құқығын қорғау саласында көптеген мәселелер жасалғаны шүбәсіз. Республика адам құқығы саласында көптеген халықаралық-құқықтық стандарттарды мойындады және ұлттық заңнамаға енгізді. Сол мезетте, менің ойымша, жаңа туған баланың құқығын қорғауда, әсіресе, құрсақтағы нәрестеге тигізер нақты ықпалы жоқ.

Бүгінгі күні біздің қоғамымыз баланың өмірін тек әйелдің қалыпты босанғанынан кейін қорғайды және егер де құқыққа қайшы әрекет физиологиялық босану басталған кезде немесе баланың анасының денесінен бөлініп шығу процесінде іске асқанда ғана қылмыстық болып саналады. ҚР ҚК 100 бабының анықтамасы тиянақсыз, анасының өзінің жаңа туған баласын босану кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында өлтіруі болып саналады.

Жаңа қылмыстық кодекс жобасында аталған норма еш өзгеріссіз қалып отыр, алайда «одан кейінгі кезең» сөзі қандай мағына беретіні белгісіз.

Жаңа туған бала деп шындығында, педиатриялық қағидаларға сәйкес, анықталады. Педиатрияда жаңадан туылудың созылу уақыты 4 апта 28 күнмен есептеледі.

Біздің ойымызша, анасының өзінің жаңа туған баласын туғаннан кейін емес, «сол сияқты одан кейінгі кезеңде» өлтіруі ҚР ҚК 96 б. 2т.сараланады, яғни, көрінеу дәрменсіз жағдайдағы кінәлі адамды өлтіру ретінде саралануы тиіс, себебі, іс жүзінде, көп жағдайда өзінің аты бар, тұлға екенін растайтын құжаттар да сирек емес жағдайда қасақана баланы өлтіру орын алады.

Егер де жаңа туған баланы өлтіргені үшін заңнама қандай да бір жаза (соңғы 3 жыл ішінде 28 осындай қылмыстар тіркелеген, бірақ сотқа дейін тек 12 іс жеткен) қарастырса, ал анасының құрсағында жатқан баланың өміріне мүлдем жауапкершілік қарастырылмаған. Оны жүктілікті ерікті түрде тоқтату деп атау қабылданған. Анасының өзінің жатырында дамып жатқан ұрықтың өміріне билік ету шегі заңмен қарастырылмаған. Егер жағымсыз салдарларына орай, әйелдерге босануға кеңес берілмесе, ешқандай дау туындамайды. Ал егер де олай болмаса, заңнама әйелге оның жатырында қалыптасқан толық адам баласына толықтай құқық береді.

Сонда жатыр ішіндегі биологиялық жаратылыстың физиологиялық босануы мен босанушының организмнен шығуына дейінгі өмірі қылмыстық-құқықтық күзет қорғауынан шығып қалады. Алайда, ұрық өз алдына орган немесе аналық организмнің денесінің бөлігі болып табылмайды, себебі, онда анасының гені және сирек кездеспейтін басқа қан топтары бар. Осының бәрі оған өзіндік адам баласы ретінде қарауды талап етеді. Бұдан әрі, жүктіліктің кез келген уақытындағы аборт жаңа туған нәрестені өлтіру – биологиялық индивидуум ретінде адамның өмірін қасақана тоқтату болып табылады. Осы жерде, әйелдің

репродуктивті бостандығы туралы маңызды қағидасын органикалық біріктіруге, жүктілікті тоқтатуға оның құқығы және енді дамып келе жатқан, бірақ әлі өмірге келмеген баланың құқығына мүмкіндік беретін алтын ортасы қайда сұрақ туындайды? Ал әкенің құқығы ше?

Осылайша, адами жаратылысты нәресте деп танитын бастапқы кез әлі күнге шейін пікірталастар тудырады. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және адам құқығын қорғау мен басты бостандығы туралы Еуропалық Конвенция сияқты осындай маңызды жалпыға мәлім актілер толықтай заңмен қорғалуға тиіс әрбір адамның өмір сүруіне құқығын белгілейді. Соған қоса, Халықаралық пактің 6 бабы бойынша, жүкті әйелдерге қатысты өлім жазасын қолдануды тыйым салып, жаңа туған баланың өмір сүру құқығын да сақтайды. Ал 1969 жылғы 22 қарашада қабылданған адам құқығы туралы Америкалық конвенцияның 4 бабында «әрбір адам оның өмірінің құрметтелуіне, сыйлауына құқығы бар» деп, нақты көрсетілген. Бұл құқық негізінде бала біту сәтінен заңмен қорғалады. Ешкім ерікті түрде өмір сүруден бас тарта алмайды».

Халықаралық құқықта өз уақытында баланың тек бастапқы өмірінің шегін анықтау сұрағы маңызды дебаттардың туындауына әсер еткен. Некоторые страны еще при обсуждении проекта Конвенции о правах ребенка 1989г. предлагали ребенком считать человеческое существо с момента зачатия, но некоторые страны были против этого. 1989ж. бала құқығы туралы Конвенция жобасын талқылаған кезде, кейбір елдер оны тек ұрықталу басталған кезде бала деп есептеуді ұсынған, бірақ кейбір елдер бұл пікірге қарсы болды. Сондықтан да мемлекеттің әлі туылмаған баланың өмірін қорғауы туралы міндеттері заңды күші жоқ аталған конвенцияның преамбуласында ғана атап кетеді.

Барлық келтірілген мысалдар, көптеген мемлекеттердің жуық арада құрсақтағы баланың да өмірлік құқығын мойындайды деген үміт ұялатады. Соған қоса, 2011жылдың қазан айында Еуропалық сот адами ұрықталған жұмыртқа клеткасы адам қатарында саналатынын мойындады және ұрықтық бағаналық жасушаға кез келген айла-тәсілдерін қолдануға шек қойған.

Біздің заңымыздың игілігі арқасында да коммерциялық, әскери және өнеркәсіптік мақсатта адами эмбрионды пайдалануға, сонымен қатар, генетикалық бірдей дараларды жаңғырту – адамды клондауға тыйым салынған.

Заманауи ғылымның жетістігі арқасында, шала туылған баланың шығарылуы жүктіліктің анағұрлым ерте мерзімінде де рұқсат етіледі. Медициналық тәжірибе көрсеткендей, 19 апталық болған іштегі нәресте босанған кездегі және одан кейінгі орталықта (перинатальдық) арнайы шарттарда шығарыла алады. Мүмкін, анасының құрсағынан тысқары шығарылуы кезінде жатырдағы нәрестенің шын өмір сүруге және дамуға мүмкіндігі пайда болатын шегі осы шығар (жүктілік уақыты), мысалы, оның кездейсоқ өлімі жағдайында немесе уақытылы хирургиялық операциясы (кесарево сечение).

Осылайша, қылмыстық құқықтың доктринасында дүние есігін ашуы, адамның өмір сүріп бастауының нақты санауы анықтамасының қағидалары және оның қылмыстық-құқықтық қорғалуына қатысты пікірлерінде бірыңғайлық жоқ. Ұрықталу басталуы кезінде ме, әлде анасының құрсағынан шыққан сәтінде ме?

Биологтардың ойынша, жаңа организмнің өмірі ұрықталған жұмыртқа клеткасынан басталады, ал кәшкентай организмде тікелей қан циркуляциясы 26-шы күні басталады, 9-10-шы жүктілік аптасында ұрықтың көз алмасы қозғала бастайды және ұйықтайды, ал 12-ші аптада организмнің барлық жүйесі қалыптасады. Сол себепті, ол сол уақыттан бастап, анасының жағдайына эмоционалды сезімде жауап қайтаратын өзінің мінез-құлқы бар өзіндік жаратылысқа айналады. Францияда мемлекеттік заңмен баланың өмірі ұрықтанған соң 10 аптадан кейін, Данияда – 12 аптадан соң, Швецияда – 20 аптадан соң қорғауға алынуы кездейсоқтық емес.

1993 жылы правословиелік шіркеу ММУ биофак эмбриологтарына ғылыми көзқарас бойынша адамның өмірі қашан басталатыны туралы сұрақ қойып, адамның өмірі ұрықтанған сәттен бастап басталатыны туралы ресми жауап алды. Ал егер де генетиктер мен эмбриологтар ғылыми тұрғыда өмір сүре бастауын дәлелдесе, теологтар Құдай

жаратылыстың тікелей ұрықтанған сәтінен бастап жан бітіреді десе, заңнаманың басқалай дәлелдеуге негізі бола қоймас.

Сонымен, елімізде конституциялық деңгейде, адамның құқығы мен бостандығы бекітілген, бірақ олар оның туылуымен байланысты. Өкінішке орай, біз ылғи баланы босану, туылу бірлігінің негізін құрайтын нақты демографиялық құбылыс екенін ескере бермейміз.. Сол себепті, көптеген елдерде ұлттық жоба түрінде жүзеге асатын демографиялық саясатқа ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, Ресейде балалары бар әйелдерге жеңілдік және жәрдем түрінде материалды көмек негіз болып табылатын «Аналық капитал» жобасы көптен бері жүзеге асуда.

Туылу және өлу – биологиялық құбылыс, бірақ оларға шешуші әрекет –шараларды осы салада жүргізетін мемлекеттік саясат қолданады. Медициналық аборт жасату мүмкіндігі бойынша әйел құқығын қолдану зайырлы немесе діни тұрғыдағы мемлекеттерге қатысты әр елде әрқалай заңнамаға сай қолданылады. Жалпыға мәлім діндер – ислам, православие, католицизм, буддизм, индуизм – тіпті медициналық көрсетілім бойынша да аборттың мүмкіншілігіне қарсы келеді. Қазіргі уақытта, әлем бойынша 68 елде абортқы тыйым салынған. Біздің елімізде, жоғарыда айтылғандай, әрбір жүктілік уақытында заң бойынша әйелге ұрықты шығару міндетін жүктемейді және ол ана болу мәселесін өзі шешеді. Бұның нәтижесінде, біздің еліміз үшін аборттың таралуы және баланың өмірін күшпен тоқтату ұлттық трагедияға айналып отыр.

Кейбір мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын 100 мыңдай мектеп оқушылары және студент қыздар арасында заңды аборттар жасатады. Жасырын аборттар кеңінен қолданылады, ал базарларда көп уақыттан бері түсік тастататын және жас қыздарды бедеулікке апаратын қытай дәрілері қол жетімді болып кеткен. Ал кейбір құпия түрде сақтағысы келген әйелдер, бұл мәселені тез әрі арзан шешілетін іргелес мемлекеттерге барады.

Бұл сандар мен дәлелдерден біздің еліміздің тұрғындарының адамгершілік деңгейі мен осы үшін жауапты міндетті тұлғалардың этикалық позициясын байқауға болады.

Вегетариандықтар жануарлардың өмірін сақтап қалу үшін күнделікті тұрмыста және тамақтануда тағамдарын пайдаланудан бас тартады. Табиғаттағы ең жан қияр ана – сегізаяқтар жұмыртқаларының дамуы кезінде ұясында тамақсыз қалады, сәйкесінше, ашығып өледі. Тіпті жануарлар да өзінің тұқымдастарын жаралауға немесе өлтіруге тыйым салатын сенімді тоқтау механизмге ие. Барлық тірі жаратылыстар осындай табиғаттың ұлы қасиетін өзгеріссіз пайдалануға тырысады. Жер шарында өмір сүріп жатқан әрбір адам эмбриональды даму кезеңінен өтеді –деп, Н.Е.Крылова өте жөнді жазған, ал егер де Қылмыстық кодекс жануарларға қатыгез әрекет жасағаны үшін жауапкершілікке тартып, жануарларды қорғайтын болса, онда адами эмбрионды қорғаудан неге бас тартады?

Егер бұл мәселеге жалпы мемлекеттік ауқымда қарайтын болсақ, онда мемлекеттің болашағы бала өмірін қылмыстық-құқықтық қорғау және балалардың туылу деңгейіне байланысты болады. Барлық одақтар халықтарының санағы бойынша, 1959жылы Қазақ ССР тұрғындарының саны 9153 мыңды құраса, ал 1970 жылы 15 қаңтарда – 12849 мың, сол кезеңде Өзбек ССР тұрғындары аз болып, сәйкесінше 8261 мың және 11960 мыңды құрады.

Егер біздің санақ бойынша тек барымыз 17 миллионға жетсек, біздің көршілеріміз – өзбектер жылдың басында-ақ, оларда түпкілікті халық саны 85%-ды құрай отыра, 30 миллиондық шекарадан асып түсті. Егер біз орта азия аумағында лидер болуға өз-өзімізді үмітпен жұбататын болсақ, онда көршілерімізден де қалыспағанымыз абзал. Ұлы державалар ғасырында демографиялық дағдарыс елдің территориялды тұтастығына кері әсерін тигізуі мүмкін. «Жүзден- жүйрік, мыңнан - тұлпар» деп бекер айтпаған. Егер біз суицидты санамағанда, соңғы 3 жылда нәтижесінде 8526 адам (45128 жараланғанды қоспағанда) қайтыс болған 4074 адам өлімі мен жол-көлік оқиғаларының алдын ала алмаған болсақ, ең болмағанда, нәсертелердің өлімін барынша азайтуымыз қажет.

«Қайырымдылық» орденінің иегері Тереза ана айтқандай: «Жер бетінде өзінің балаларын өлтіріп, сонымен өзінің болашағына балта шабатындай деңгейде кедей ешқандай

ұлт жоқ». Көптеген әйелдер өсіп келе жатқан ұлдары мен қыздарына қарап, қиын кезеңдерде басқалай амалдарға бармағанына қуанады. Осылайша, анасының құрсағында жатқан баланың қылмыстық-құқықтық өмір сүруіне құқығы жасанды жолмен жүктілікті тоқтату және елдің демографиялық жағдайы құқығымен өте тығыз байланысты. Қылмыстық құқық деп отырғанымыз, мемлекеттік саясаттың бөлігі болып табылады, нақты анықтамасына көз жүгіртсек, ақырғы нәтижесінде мемлекеттің барлық әлеуметтік-экономикалық хал-жағдайының деңгейіне бағынады.

Жоғарыда мазмұндалғандарға орай, ҚР ҚК 100бабының 1 бөлігіне «анасының өзінің жатырында дамығанына 12 апта толған баласын өлтіруі» жауаптылығын заңды түрде енгізудің қажеттігін түйіндейді.

Ал 2 б. бойынша, «анасының өзінің жаңа туған баласын сол уақытта немесе босанғаннан кейін өлтіргені» үшін жауаптылықты көздейді. Бүгінгі нақты емес көмескі диспозициядағы «одан кейінгі кезең» сөзі алынып тасталынуы қажет. ҚРҚК 17 б. сәйкес келтірілген анықтамада оған дейін келтірілгендіктен, «психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында» сөзін көрсету артық деп санаймыз, ал шындығында әйелдер қылмыстық жауаптылығы және жазасы жеңілдетілген жағдайға жатқызылады.

Ең дұрысы, әрине, әйелдерді еркінен тыс жүкті болған жағдайдан соң, одан құтылуға итермелейтін шараларды болдыртпауға жұмыстану.. Жүкті әйелдің медициналық мекемеге жолыққан сәтінен бастап ары қарайғы жатырда жатқан баланың тағдырын міндетті түрде ерекше қадаңалауға алу қажет. Жүктілікті жасанды түрде тоқтату тек қана нақты жағдайда, жүктілік әйелдің денсаулығына немесе өміріне қауіп туғызатын жағдайда немесе қылмыстық әрекеттердің нәтижесі бар жағдайда тек медициналық комиссияның қорытындысымен шешілуге тиіс.

Жалпы алғанда, адамның құқығы баланың құқығынан бастау алады, сондықтан да құрсақтағы баланың да конституциялық-құқықтық қорғауда болуы тиіс. Егер де билік аса қауіпті қылмыскерлердің өмірін қорғау жолында он жыл бойы өлім жазасына мораторий жариялап келсе, олай болса, біздің өскелең ұрпағымыз да оның өмірінің өз Отаны тарапынан қорғалуға құқығы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2014ж. 3 шілде ҚР Қылмыстық Кодексі
2. 2009 жылы 18 қыркүйектегі №193-IV ЗРК «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» (10.07.2012 ж. толықтырулар мен өзгертулерімен)
3. Крылова Н.В. Ответственность за незаконное производство аборта и необходимость уголовно-правовой защиты «будущей» жизни // Вестник Моск. ун-та.- Сер. 11. –Право. – 2002.-№6. – С. 51-52
4. 1971ж. 17 сәуір «Известия» газеті.

УДК 343.137

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО СОГЛАШЕНИЯ В ФОРМЕ СДЕЛКИ О ПРИЗНАНИИ ВИНЫ

Бакберген Назарбек Аманкелдыұлы

zhaniyar_g@bi-group.kz

магистрант 1 курса юридического факультета ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – А.О. Балгынтаев

Процесс реформирования уголовной политики в Республике Казахстан вышел на новый уровень, на котором появляются такие формы, выражающие качественно иное